

**ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ДІННІҢ РӨЛІ**

Дін кез келген мемлекеттің бөліп-жаруға келмейтін әрі қоғамға, әлеуметтік-экономикалық дамуға өзіндік әсерін тигізетін фактор болып табылады. Мемлекет сол аумақта тұратын барлық азаматтарды біріктіруші ұйым болып табылатындықтан, сол елдің азаматтарының қызығушылықтары мен құқықтарын қорғап, қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті реттеп отыру қажет. Бұл барлығының дүниетанымдық және рухани құндылықтарын құрметтеу мен мойындау мағынасын білдіреді.

Қазіргі Қазақстан үшін шынайы қоқан-лоқы мемлекет ретінде қоғамдық тұрақсыздық болғандықтан, тәуелсіз мемлекеттің негізгі бағыттарын қалыптастыруда жалпы азаматтық және конфессияаралық бейбіт пен келісімді сақтау мен қолдау маңызды болмақ. Қазақстан халқына Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жыл сайынғы Жолдауының бірінде біздің елдің ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды отыз бағыт аталып көрсетіліп, «өркениет диалогын» дамытуда мәдениет және конфессия аралық келісім орталығы ретінде бекітілген Қазақстанның маңызды бағыты болып табылады. Аталмыш Елбасы Жолдауында «халықаралық қауымдастықта төзімділікті, Қазақстан халқының бірлігін танытатын әрі біздің елде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің конфессия және мәдениет аралық келісімін қамтамасыз ететін біздің жүйелі саясатымыз мақұлданды»[1].

Қазақстандағы модернизацияланған үдерістер жан-жақты қамтитын сипатқа ие болғандықтан, оның екі мақсаты жүзеге асырылуда: елдің тәуелсіздігін қалыптастыру және бекіту. Сондай-ақ, кең масштабты әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды өткізу. Елдің ішкі қоғамдық-саяси қатынасындағы модернизация деңгейіне сәйкес аталмыш үдерістердің ерекшеліктерін қалыптастырады және өзгеше жағдайларды анықтайды. Үлгіленген үрдіс құрылымның көп ықпалдылығымен, көп векторлы қозғалысымен және мемлекеттік пен социум параметрлерінің өзгермелі болуымен сипатталады. Олардың негізгі бағыттары үнемі әлеуметтік-саяси төңкерістер мен дүниетанымдық-психологиялық төңкерістермен сай келе бермейді.

Сапалы трансформация үдерісімен қақтығысатын әлеуметтік-саяси одақ мәселесі Қазақстан азаматтық қоғамын қалып-

тастыру туралы мәселені қарастырудан бастауды қажет етеді. Сондықтан қоғамдық даму теориясында жаңалаудың басты өкілдері ретінде азаматтық қоғамның құрылымын атауға болады.

Әлеуметтік-саяси жағдайды күшейтетін қоғамның саяси мәдениетін, идеологиялық легитимдік пен саяси плюрализмді, әлеуметтік серіктестікті белсендендіруді және т.с.с. демократиялық сапа мен факторларды көтеру. Қазақстан Елбасы өз бастамаларында кардиналды қайта құру құрылымдарына баса назар аударады. «Көші-қондық» Қазақстан концептуалды алгоритімдерді дамытумен байланысты бола алады.

Бірақ саяси үдерістер, күш құрылымын толықтыру керек. Дамыған жүйелерде мемлекет пен қоғам арасындағы екі жақты байланысты реттеуші әлеуметтік мобилдік каналдар дамыған жүйелердегі негізгі тұрақтылық азаматтық қоғам институты желілерін дамытуды қолдайды.

Әлеуметтік институттар қазіргі үлгілендірілген социумның қажетсіз жаңашылдарынан алшақтамау үшін қоғамның жаңа талабына сай болуға міндеттелді. Осыған орай, құбылмалы заманауи мәдениет пен қоғам діни дәстүрмен сәйкестігі туралы сұрақтың қойылуы өте орынды. Себебі заманауи қоғамдағы діннің жағдайы туралы көп сауалдар тудыруға болады. Алайда діннің рөлін, мүмкіншіліктері мен келешегін бағалау мүмкін емес. XX ғасырдың барлық тәжірибесі діннің келешегі жөнінде болжау мүмкін еместігін айтады. Бүгінгі күні дін қоғам өмірінде елеулі рөл атқарып отырғандығы анық.

Қазіргі қоғамдағы діннің жағдайы шешуші заманауи екі үлкен күш – ғылым мен саясатқа негізделіп отыр. Бүгінгі қоғамдағы олардың дамуы дәстүршілдікті бұза отырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

Ғылыми ілімді кеңейту негізінде XX ғ. табиғатты техниканың көмегімен бағындыру жетістіктері діни санаға үлкен әсерін тигізді. Алайда өткен ғасырда ғылымның дамуы діннің жойылуына жол бермеді. Ғылым дінді ығыстырмағанмен, діни санада жаратушыға, әлемге, адамға деген түсікті өзгертті. Дін рухани құқықтық күш ретінде әлеммен диалогқа түсуге мүмкіндік алды әрі тағдыр қоғамның шынайы дамуы мәселесі алдында құлықтық жағдайға тәуелділіктен азат болды. Мәдени құндылықтар негізінде діннің көбі махаббат, тыныштық, үміт, әділдік сынды жалпы азаматтық әмбебап құндылықтарына жатады. Аталмыш адамзат құндылықтар діни дүниені қабылдау мен сезінумен тікелей байланысты.

Бүгінгі күні шіркеу иерархиясы мен дін қызметкерлерінің көбі қоғамның дамуы мен өзгеруі

үрдісіндегі заманауи әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелердің жаңа бағытында тұр. Осылайша, дін дамудың әр түрлі кезеңінде түрлі интеллектуалды қызметтің қалыптасу үрдісіне үнемі ықпал етіп отырды.

Дін үнемі адамзат тарихында рөл атқарып отырды: «Дін әлеуметтік феномен ретінде басқа қоғам институт адамдарына әсер етуші нысандық факторды көрсетеді. Дін қоғам арасындағы байланысты анықтап қана қоймай, олардың арасындағы қатынасты да терең қарастырады. Себебі дін – қоғамдық қатынасты бөліп алуға келмейтін қоғамдық өмірдің бөлшегі» [3].

Протестантизм, протестантық әдеп капитализмнің қалыптасуындағы батыстық әлемдегі модернизацияда маңызды рөл атқарғандығы ешкімге күмән тудырмайды. М.Вебердің танымал «Протестантық әдеп және капитализм рухы» атты еңбегінде батыс қоғамының модернизациясында дін жан-жақты талқыланып көрсетілген. Н.А. Саитовтың атап өткеніндей, батыс елдеріндегі жағымды үлгілендіру әрекеттері протестантизмге тұлғалық еркіндік пен жауапкершілік, теңдік, еңбек сүйгіштік, діни қауым мен қоғамдағы азаматтық өмір сынды демократиялық басқаруды мақылдау жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда протестантизмді ұстанушы барлық елдерде «протестантық әдеп» қалыптастырылған демократиялық үкімет орнатылған. Осының нәтижесінде «протестантық дәстүр адамзат қозғалысының ынталана түсуіне күш-жігер, қайрат берді. Белсенді бейбітшілік әрекет күнға жетелейтін жалқаулық, діни міндеттілік ретінде қарастырылады»[4].

Жаһанданған қоғамдағы діннің рөлі туралы жаңартылған қоғам үдерісінде шығыстық діни-рухани, дәстүрлі стереотипті қоғамдық көзқарастар кездеседі. Бұндайды М.Вебер «қолын созу» деп айтады. Осы көзқарас конфуцистік, буддистіктегі материалдық дүниеге байланбау сынды мәселелер шығыстық діни дәстүрдің дамуына кедергі болды. Конфуцизмдегі құндылықтар өз елінде үлгілендіруге бөгет болғаны секілді қарастырылады: «Ірі масштабтағы өндірістің дамуы бірінші кезекте жанұя қызығушылығына, капиталдың күйреуі, орта таптың экономикасының дамуы үшін жағдай жасалынбайтын қатаң иерархиялы қоғамдық қатынастығы кландық сипатқа бөгет жасайды».

«Азиаттық айдаһарлардың» қарқынды дамуы дәлелсіз пікірлерді әшкерленіп, шығыстық діни құндылықтар толықтай үлгілендіру үдерісіне әсер ете алатындығын дәлелдеді: «протестантық этикаға негізделген батыстық ка-

питализм батыс елдеріндегі басқа діндердің шынайылығына тәуелді. Капитализм батыстық емес мәдениетті жоя отырып, экономикалық механизмді алды» [5].

Қазіргі қоғамда ислами құндылықтарды жүзеге асыру мәселесін батыс және ислам диалогы төңірегінде қарастыру қажет. Батыс пен ислам арасындағы пікір-талас өзекті мәселенің бірі болып табылады. Ганновер университетінің (ГФР) заманауи ислам зерттеушісі Петер Антес «қазіргі замандағы ислам» атты еңбегінде ислам әлеміндегі батыстық құндылықтардың кеңеюі мәселесін сириялық саясаттанушы Басса Тибимен пікір-талас жүргізгендігі қарастырылады. Онда Тиби исламның батыстық емес мәдени жүйесінің ақталғандығын батыстық мәдениет өлшемдері бойынша қарастырады. Менің ойымша адам құқығының этикасы біздің жаһанданған өркениеттің өзегін құрайды». Отарлауды қорғаудағы әшкерелеуге байланысты мүмкіндіктерді айта отырып, Тиди: «Ислам реформасы құқығындағы мұсылмандар ең алдымен адам құқығына байланысты батыс өктемдігі мен халықаралық үлгілерді әмбебтандыру арасындағы айырмашылықты анықтау керек. Батысқа қатысты бір батыс саясатын (саяси үстемдікті қалыптастыруға тылпыныс) және осы саясаттың басқа қырын қабылдау (мәдени жаһандануың этикасы) сынға алуға болады. Әмбебап құқықтық қағидалар мен құндылықтарға айрықша негізделмеген үлгілер мен қағидалар адам құқымен байланысты. Сондықтан оларды саяси күш пен үстемдік қожалықпен шатастыруға болмайды»[6]. Осы орайда, заманауи ислам зерттеушісі Петер Антеспен келісуге тура келеді. Шынтуайтында, жаһанданған заманауи қоғам мен әлем ретінде саяси үстемдікті қалыптастыруға талпыныс және батыс құндылықтарын меңгерту туралы сөз қозғалып жатқанда мәселелерді ушықтыруға болмайды. Сондай-ақ, өзара қатынас пен байыту, әр түрлі өркениет, мәдениет және дін бағамдалған жалпы адамзаттық құндылықтарды бірегей өңдеу туралы мәселені қозғау басқа жағдай.

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы діннің ролін күшейту діншілдіктің өсуіне жол ашты. Қазақстанда 1652 исламдық ұйым бар, оның 1642 – сунниттік топқа жатады. 2 – шииттік, 4 – сопылық, ахмади жамағаты бар. Протестанттық шіркеулер саны – 946, баптистік – 378. Біріккен орыс православтық шіркеу – 230. Пресвитериандық шіркеу – 158, лютерандық – 108 және Иегова куәгерлері – 131. Ескі дәстүршілдік шіркеу саны – 7, римдік-католиктік – 77, армян-григориандық – 1, біріккен буддисттік – 5, иудейстік –

24, бахаилық – 23, кришнаиттік – 12 және басқалар кездеседі. Маңғыстау өңірінде 30 діни ұйым жұмыс істейді. Оның 23 ғана әділет департаментінде тіркеуден өтсе, 11-і ҚМДБ-дан тіркеуден өткен[7]. Қазіргі кезде біздің қоғамдағы діншілдіктің өсуі күрделі сипатқа ие болып отыр. Діншілдіктің өсуі мен заманауи діни жағдайдың күрделенуі динамика мен сенушілер санының өсуімен ғана емес, діншілдіктің сипатымен анықтауға болады. Біріншіден, сенушілер діні, діншілдіктің деңгейі әр қилы. Себебі діни сенімдегі сенушіден бастап, өз дінінің салт-дәстүрін ғана орындаушы немесе діни дәстүрлерден бас тартушы. Қазіргі қазақ қоғамындағы жаңа діни құрылымдардың әсерінің дамуына байланысты діншілдіктің өсуі арту үстінде.

Ресей дінтанушысы И.Н. Яблоковтың пікірінше, тұлғаның діншілдік түрі дінді бағдарлау орны мен әрекетшілдік өлшеміне байланысты дей келе, ғалым И.Н. Яблоков діншілдіктің төмендегідей топтамаларын береді:

- 1) діни бағытты үстемдеуші діншілдік;
- 2) діни бағытқа бағынушы діншілдік;
- 3) тұрақсыз діншілдік бағыттағы сенім мен сенімсіздік арасындағы тебіреніс;
- 4) дінге бейтараптылық;
- 5) атеисттер [8].

И.Н. Яблоков топтамасында адамдарды діншілдік деңгейіне бөлу мәселе қозғалса, проф. Н.Ж. Байтенова Қазақстандағы сенушілер тобын төмендегідей үш топқа бөліп қарастыруға болады дейді:

- 1) Діни өмір салтын ұстанып, барлық діни құлшылықтарды орындайтын шынайы сенуші;
- 2) өздерін сенушілерденбіз деп санайтын немесе өзін нақты бір дінге жатқызатын, бірақ діннің барлық амалдарын орындамайтындар;
- 3) тумысынан өзін нақты бір дінге жатқызушы, бірақ діннің ешқандай амалдарын орындамаушылар.

Қазіргі қоғамдағы діннің орны мен ролін талдау дінді тәлімнің құнды-уәждемелік үлгісі ретінде қарастырады. Сондықтан діни уәждеме тәлімі жоғарғы легитимацияны қажет етеді. Себебі дін тұлғаның жеке қызығушылығын тудырады. Жаһанданушы ретінде сипатталған заманауи Қазақстан қоғамында діншілдік мінез-құлықтың сыртқы атрибутының айқын көрінісі.

Заманауи Қазақстан қоғамындағы сенушілердің діни ахлақтары нақты бір әлеуметтік топпен теңестіріледі. Қазақстан қоғамының жаһандануы мен қоғамның қалыптасуы негізгі әлеуметтік институттар мен әлеуметтік қарым-қатынастырдың сұранысын өзгертеді. Дін

заманауи қоғамда жаһандық өзгерісті басынан кешірді. Діни қатынастырды қайта құру кезеңінде М.П. Мчедлов елдегі саяси, құқықтық төңкерістерге тоқталып, экономикалық-экологиялық жағдайлардың құлдырауын, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың жайылуы, этникааралық қарама-қайшылық, адамгершілік қасиеттің төмендеуін сөз ете келе, антигумандықты шектеу қажеттілігін атап өтеді.

АҚШ пен Еуропа бұл жағдайды («діни жаңғыру») ертерек басынан кешірген. Діни қағидалар мен принциптер ілім мәнін анықтап, ішкі өлшемді өзгерте алмайды. Әр түрлі мәдениеттегі сенім қағидаларын қабылдау тәсілдері әр түрлі болуы мүмкін. Бұл психологиялық зерттеудегі құлшылық етудің жаңа үлгісі.

Заманауи Америка қоғамында өмір бизнестің сипаттарын меңгересе, діни қауым маркетинг қағидаларын ұсынатын тұтынушыға бағдар жасау керек. Діни қауым өнімді жобалап, тұтынуды танытатын «niche – marketing» қағидасын ұстанады. Діни қауымдастық төмендегі қағидаларды білумен тұрады:

- нарықтық зерттеуді орындауда өз қоршаған ортасын білу;
- діни қызметтегі «адамдықты білу»;
- қабылдауға болатын жақсы тәсілді таңдау;
- қажетті тауарды жеткізу.

Америка қоғамындағы барлық тұтыну қозғалтқыш күші болып табылады. Діни салаға қатысты тұтыну қауымдастықты таңдайтын қозғаушы күш болып табылады.

Бүгінгі таңда елде кеңес кезеңі тұсымен салыстырғанда діни жағдай басқа деуге де болады. Бір жағынан, қазіргі Қазақстан қоғамы барлық институттар, ұйымдар, жеке тұлғалар сынды сипаттарды меңгерді. Екіншіден, дәстүрлі факторлардың әлеуметтік жүйелері жеткілікті күшті болып қала береді. Себебі тұлғаның жүріс-тұрысы белгілі бір фактордың әсерінен ғана қалыптаспайды. Жалпы, заманауи жаһанданған қоғамда, оның ішінде Қазақстанда дін өздігінен шыққан жоқ, керісінше, жаһанданып, жандануға тырысты. Ол заманауи жаһанданған әлемге әсер етіп, қоғамдағы рухани-құлықтық құндылықты қалыптастырды.

Қазақстандағы қорлар өміршеңдігі ішкі саяси тұрақтылыққа негізделеді. Одан басқа әлеуметтендірілген реформалардың жарияланғанына қарамастан, қоғамдық тұрақтылық пен азамат құқықтарын қорғау деңгейі әлеуметтік кепілді қамтамасыз ету мен қолдаудан тұрады. Саяси тұрақтылыққа қатысты фактор қоғамдық шиеленістердің эпицентрі болуы мүмкін.

Қазақ қоғамындағы саяси тұрақтылықты сақтау жетістігі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ескертпелі шарасы болып табылады. Саяси либерализация аумағындағы анықталған үдеріс елдің әлеуметтік дамуы үшін қалыптасады.

Мемлекеттік тәуелсіздікті игерумен және саяси механизм үдерістерінің өзгеруімен саяси жүйенің кардиналды субъектердің трансформацияны бастан кешіріп, азаматтық қоғамның бастамалық формаларын кеңейте отырып, қоғамдық-саяси қозғалыстарды реттейді. Идеологиялық конструкция жоғарғы билікті өңдеп, ендіреді.

Заманауи Қазақстан қоғамындағы саяси қатынастар ерекшелігі мемлекеттік және қоғамдық формаларды ұйымдастыруға негізделген. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, Қазақстандағы саяси өзгерістер бірегей және қайталанбас болу керек.

Салыстырмалы (компаративистік) қадам төмендегідей сараланды:

- негізгі сипаттағы саяси қатынастарға ие ортақ мәндегі ғаламдық үрдістер мен демоктариялық үдерістердің мәселелері;
- демоктариялық қайта құрулар ерекшеліктері;
- демоктариялық сипаттағы саяси қатынастарды реттеуші ұлттық қоғамдық қатынастар мен мемлекеттік формалар.

Шынтуайтында, абсолюттендіру мен «ұлттандыру» керек емес. Себебі, шиеленіскен ұлттық, жергілікті мәселелерді тоқтату қажет. Бірақ шетелдік «бөтен» тәжірибе жанама мағынаға ие болғандықтан, ол жете меңгерілген әрі жергілікті жағдайларға толықтай бейімделген болу керек. Одан басқа демоктарияланған елдердің тарихи тәжірибесінде жергілікті, ұлттық, әмбебаптық мағына бар.

Демек, заманауи Қазақстан қоғамындағы демоктариялық саяси қатынастардың негізгі, бастапқы қозғалыс шарттарын дамытуға әсерін тигізеді. Әрине, аталмыш шарттар батыс елдерінде дамушы Азия мен Африка елдеріндегі әлеуметтік жаңғыру үдерісі үлкен қиындықтар мен бөгеттерге соқтыққаны секілді басқаша. Сондықтан, болмыс (ақиқат) демоктарияның тарихи емес қадамдарына қарсы шығады.

Қоғам модернизациясында ұлттық менталитет ерекшелігін сипаттаушы реформа бағдарламасы болуы мүмкін. Бұл ерекшелік немен анықталады?

Біріншіден, қазақ қоғамында демоктариялық қатынастарға өту үшін жалпы өркениеттің заманауи дамуына сай саяси сананың, құлықтың стереотипін игеру керек.

Екіншіден, Қазақстан өз құрылуында батыс Еуропа және басқа да дамыған мемлекеттерден айырмашылығы – нақышты әлеуметтік-таптық құрылымды қоғам екендігінде. Аталмыш қоғамда этникалық фактордың әсері жеткілікті.

Үшіншіден, Ленигимді батыс елдерінен айырмашылығы басшылықпен емес, саяси жүйемен байланыстылығымен ерекшеленеді. Ал шығыс елдерінде, оның ішінде, Президент басқаратын елдерде адамзаттарға назар аударылады.

Төртіншіден, саяси жүйенің жаппай күйреуі жасанды үрдістің сөзсіз ауысуы секілді болды [9]. Бірақ Қазақстан Республикасында жаңа саяси қатынастар саяси қатысуларды кеңейту және экономикалық даму қажеттілігімен әлеуметтік тұтастық үшін қолайлы қоғамдық жағдайларды қалыптастыруға негізделеді.

Бірнеше жылдың ішінде Қазақстанның дамуы барлық қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жаңа жолы үлкен өзгерістерді бастан кешірді. Мемлекеттік кәсіпорындамен қатар көрсетілген көп құрылымды экономика базасына мемлекеттік-жекеменшік, акционерлі, шетел капиталының қатысуы, жалды, кооперативті, топтық, тұлғалық, жеке шаруашылық, несиелі-қаржылы ұйымдар, сақтандыру орталықтар секілді қоғамның жаңа әлеуметтік-таптық құрылымының қалыптасуы енеді. Сондай-ақ, Қазақстан адамдар, топтар мен табтар арасындағы қарым-қатынастың әлеуметтік стратификацияның үдерістеріне қызығушылық танытады.

XX ғ. ірі ойшылы, философ – экзистенциалист К. Ясперс Сталин тоталитаризмі мен батыс демоктариясының айырмашылығын қоғамның ішкі әлсіздігі мен күштілігінен көруге болатындығын атап өтеді. Тарих тәжірибесі ондаған елді мысалға ала отырып, келешектің өмірлік тәжірибесі нарықтық шаруашылықта экономиканың негізі болып табылатын ашық плюралистік қоғам екендігін тілге тиек етеді [10].

Қазақстан азаматтық қоғамын қалыптастыру үшін белсенді алғышарттар болу керек. Ең алдымен, тұлғаның басқа тұлғамен қарым-қатынасқа түсу қабілетін қалыптастыру қажет.

Осындай әлеуметтік субъект түрлерін қалыптастыру үшін институтты алғышарттар, бәрінен бұрын заңды түрде тұлғаның демоктариялық құқығы мен еркіндігі қажет. Алайда институттық алғышарттармен қатар мәдени және әлеуметтік-психологиялық алғышарттар да маңызды рөл атқарады.

Азаматтық қоғамның субъектісі біріншіден, өз амал-әрекетін білетін адамдар өз қызығушы-

лықтарын, оның ішінде, экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерді қорғап, шеше алады. Екіншіден, азаматтық қоғамның шынайы және потенциалды субъектісі – басқа адамдармен қарым-қатынаста өз әрекетін нақтылап, маңызды нәтижеге қол жеткізуші сенімді тұлға. Азаматтық қоғамды функциялаудың мәні көп жақты орта тапты қалыптастыру үшін құлырған амал.

Орта Азиядағы идеология спекторының кеңею тенденциясы экономиканың даму деңгейінің түрлілігі мен халық сауаттылығының жоғарылығы, баспа сөз еркіндігінен көрініс табады [11]. Алайда, қауіп төніп тұрғандықтан, қоғамдағы қарама-қайшылықты өмір белестерінің арасынан, білім, қала мен ауыл арасын жасыра білу керек.

Одан басқа, әлеуметтік жіктелу наразылықтың күшеюіне ғана алып келмей, жаңа қайшылықтардың пайда болуына әкеледі. Ішкі этникалық жарылыс әлеуметтік қайшылықты ұлғайтады. Әрине, мемлекетті реттеуші рөл мен азаматтық қоғам аниагонистік бөлінуді болдырмауға негізделеді.

Қазақстандағы азаматтық қоғам қалыптасуындағы үдеріс кезеңінің бастапқы мәні қоғамдық сананың дамуы мен демоктариялық қоғам құрылымы жүйесінің қалыптасуына негізделенді.

Заманауи Қазақстандағы гуманистік демоктарияның негізгі принциптері жарияланады: қазақ халқының бірлігі, азаматтық тыныштық, әлеуметтік, этника және конфессияаралық келісім мен диалог, компромисс және төзімділік.

Қазақ қоғамы конгломерат ретінде күрделі түрлі топтардың құрылымын көрсетеді: этникалық, демоктариялық, конфессиялық, идеологиялық, экономикалық, басқарушылық. А. Лейпхарттың анықтауы бойынша бұл қатынас көп құрылымды болып табылады [12].

Қазақстан ішкі саяси тұрақтылықтың жоғары деңгейде болуымен сипатталатыны жөнінде Елбасы Н. Назарбаев атап өткен. Елбасының пікірі бойынша «...мықты тұрақтылық, нығайту мен бірлік өте күрделі іс болғандықтан, бәріміз жұмыла әрекет етуіміз керек» [13]. Заманауи Қазақстанда құрылған діни плюрализм мен дін мәселелеріне деген қоғамдық қызығушылық біздің елде өзекті болып табылады. Сонымен қатар, мемлекет пен дін қарым-қатынасы саяси күрделі мәселе.

Қарама-қайшылықтың негізгі түйінінін мынадан аңғаруға болады: біріншіден, мемлекеттің діни ұйымдарға және дінге қатынасы бойынша демоктариялық нормаларды, оның ішінде еркіндік принципін қадағалау болса, екіншіден, мем-

лекеттегі діннің мәртебесі және оның мемлекетке әсері мен діннің саясатқа араласуы. Сонымен қатар, басқа конфессиялардың құқығы мен қоғам санасына әсерін тигізу мүмкіндігі.

Қазіргі Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылғандықтан, негізгі идеология дінге қатысы бойынша бейтарап болып табылады. Себебі ол дінге жақтас та қарсылас та емес. Қазіргі Қазақстандағы діни жағдай мемлекет авторитарлы, тоталитарлы, содай-ақ, теоракратты режимдер арқылы ерекшеленеді.

Зайырлы мемлекетті талқылай арқылы заманауи зайырлы мемлекетте өзіне тән ерекшеліктің бар екенін ұғына аламыз. Өйткені өзін зайырлы деп жариялаған мемлекетте мемлекет тарапынан қаржыландырылған діни ұйымдары мен діни-саяси партияларының қызметі болу керек.

Мемлекеттің зайырлы сипатының ерекшеліктері әртүрлі аймақтардағы тарихи, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және діни факторларға байланысты:

- біріншіден, көптеген елдерде дін мәдениетпен дәстүрге әсер ете отырып, қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады;

- екіншіден, Еуропа елдерінің бір қатарында өзінің діни болмасына қарамастан, дін мемлекеттік саяси өмірге христиан саяси партиясының қызметі арқылы ықпал етті. Еуропа елдерінің бір қатарында шіркеуді мемлекеттен бөліп ұстайтын шіркеу бар, алайда христиандық діни құндылықтарға негізделген партиялар мемлекеттің маңызды мәселелерін шешуде белсенділік атқарады;

- үшіншіден, посткеңестік дәуірде, оның ішінде Қазақстанда саясатқа деген діннің әсері жылдан жылға артуда. Қазақстандағы діни жағдай дәстүрлі конфессия мәртебесін құруға бағытталған. Посткеңес дәуіріндегі барлық мемлекеттер дін мен саясат қатынасын анықтап, конфессияны қолдайды;

- төртіншіден, әрбір мемлекет діни ұйымдармен бірегей қатынас формасын ұстанады. Мемлекет саясатында діни-конфессияаралық қатынастар діни жағдайдың дамуына, тұрғындардың этникалық құрамына, елдің геосаяси жағдайына әсер етті. Мемлекеттік-конфессия қатынастарының даму процессінде тұрақтылық пен қоғамдағы рухани дамуды қамтамасыз етуді сақтайтын дінді қолдайды;

- бесіншіден, дін әлемдік қауымдастықтың саяси өміріндегі маңызды факторлардың бірі болып табылатындығын Тойнбидың мына сөзі дәлелдей түскендей «дін – өркениеттің бір бөлігі». Барлық елдерде, оның ішінде Қазақстанда дін халықтың дүниетанымы мен мәдениетін қалыптастырады.

Біздің елде өңдеуді қайта талап ететін әлі аяқталмаған саяси және ғылыми-қоғамдық жағдайларға назар аударылады. Қазақстан Республикасының Заңындағы жаңа жобадан «Дінді ұстану еркіндігі мен діни ұйымдар мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңдық актілерге толықтыру және өзгеріс енгізу туралы» аталмыш мәселелерді шешу туралы талпыныстар жасыланды. Оның ішінде, аталмыш заңдық жобадан Қазақстан халқының рухани-мәдени дәстүрінің қалыптасуына әсер етуін реттеуші діни ұйымдардың мемлекетпен қарым-қатынасы нақты жазылған. Осыған байланысты біздің мемлекет зайырлы сипатқа ие болғандықтан, төмендегі талаптар жазылады:

- азаматтарға діни мәселелерге араласпауға, балаларды тәрбиелеуде дінді тұтыну еркіндігін беру;

- діни ұйымдарға мемлекеттік органдардың қызметіне араласпау;

- діни ұйымдарды қаржыландырмау;

- егер заңға қайшы келмесе, діни ұйымдардың қызметіне араласпау;

- өзара төзімділік қабілетін қалыптастыру және дінді ұстанатын және ұстанбайтын азаматтар арасында бірін-бірі сыйлау, сонымен қатар діни ұйымдар арасындағы ымырашылдықта болу. Жоғары да айтылғандай, жаңа заңда діни ұйымдармен қарым-қатынасты реттеу барысында мемлекеттің басқару керектігі нақты жазылған.

Бірақ бұл заңда діни ұйым қызметтерінің негізгі принциптерінің көріністері табылды:

- мемлекеттік билік органдарының функцияларын атқармайды және мемлекеттік органдар қызметіне араласпайды;

- саяси партиялардың қызметтеріне қатыспау әрі оларға қаржылай қолдау жасамау;

- заң талаптары мен құқықтық тәртіпті орындау.

Қоғамның саяси өміріндегі діни ұйымдардың қызметкерлерінің қатысуы жеке тұлғалық болып табылады. «Құдай құдайға» принципі қатаң қадағаланып, мемлекет пен дін бір-бірінен бөлініп, мемлекеттік мекемелер өз қызметін, діни ұйымдар өз қызметін орындап, бірінің ісіне бірі араласпайтын болды.

Мемлекет пен діннің әлеуметтік серіктесі – қоғам азаматының саяси жүйесін тұрақтандыру шарты. Заманауи американдық әлеуметтанушы, дінтанушы Л.Д. Нельсонның пікірімен келісетін болсақ, жоғары деңгейдегі діннің функционалды маңыздылық мәселесіне қарағанда, жеке діншілді туралы мәселе күрледірек десе, қазіргі қоғамдағы діннің рөлін зерттеуші танымал антрополог ғалым Роберт Лоуи «дін кеткен кезде

қоғамдағы этикалық құндылықтар да жоғалады» [14], – дейді.

Әлеуметтік-мәдени құрылымдағы діннің орны мен рөлін талдау модернизацияланған заманауи Қазақстан қоғамы төмендегі қатынастарды шектеу керектігін көрсетеді:

1) мемлекет пен дін қарым-қатынасының өзгеруі;

2) азаматтардың дінге қатынасын өзгерту;

3) діннің әлеуметтік модернизацияға қатынасы.

Қазақстандағы дін мен мемлекет қарым-қатынасының өзгеруі екі үдерістің өзара байланысымен бекітілді. Бір жағынан қазақ қоғамының шығуымен жаңа кезең дамыды, екінші жағынан, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси құрылым өзгерді. Бүгінгі күні бұл үдерістер не тең әрі не мағыналас емес.

Екінші мың жылдықта Қазақстан басынан өткерген құндылықтар жүйесінің құлдырауына әкеліп, елдің діни өміріне елеулі өзгеріс енгізді. Мемлекеттік діни қатынас үлгісі мен қоғамның дінмен өзара әрекеті өзгеріс жасауға талпыныс жасады.

XX ғ. 70 жылдарында Қазақстан қоғамында діни салт-дәстүрге қызығушылық ояна бастады. 1990 ж. либеральды реформадан кейін түрлі бағыттағы діни құрылымдар кең етек алды. ТМД, әсіресе Қазақстандағы М.С. Горбачев төңкерісі кезеңінде қоғамының дамуы жаңа діни дәуірге алып келді. 1986 ж. М.С. Горбачев «діншілдікпен күрес шешімі» хабарын жариялады. 2 жылдан кейін 1988 жылы Патриарх Пименмен кездесу барысында құлықтық салада төңкеріске қатысу шіркеу жиылысын шақырды. Дінге мемлекеттің қатысындағы қарама-қайшы саясаттың қорытындысы «діни» жаңғыруға алып келді.

Қазақстан қоғамының модернизациясы жоғарыда айтылып өтілгендей, барлық қоғамдық өмірдің, оның ішінде, біздің елдегі діни жағдайдың, яғни, мемлекет пен діни қарым-қатынасының күрделенуіне алып келді. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде танылғанымен қоғам зайырлы болуы мүмкін болмады. Барлық қоғам, оның ішінде Қазақстан қоғамының зайырлы болуы мүмкін емес.

Осы мәселеге байлыныста заманауи дінтанушы, әлеуметтанушы Л.Д. Нельсон қазіргі қоғамдағы саяси шешімдердің шешілуі секілді дін санаға әсерін тигізді. Сондықтан, қазіргі кезде секуляризация үдерісіне де дін әсерін тигізбеді деп айта алмаймыз.

Елдегі діни жағдайдың күрделенуі мемлекет пен дін қарым-қатынасының күрделенуіне алып келіп, түрлі бағыттағы сипатты қабылдады. За-

манауи Қазақстандағы мемлекет пен дін қарым-қатынасы туралы сөз қозғағанда мемлекет пен жаңа діни құрылымдар қарым-қатынасы бағыттарына бөліп қарастыруға болады.

Мемлекет пен дәстүрлі діндер қарым-қатынасы бағытына қатысты «мемлекет пен әлемдік дәстүрлі діндер арасындағы қарым-қатынас консенсусын айтуға болады. Ережеге сай, әлемдік діндер этника және дінаралық диалог пен келісімді нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты қолдайды. Бірақ Еуропа мемлекеттерін мысалға алатын болсақ, олар дәстүрлі діндер бағытын қолдайды. Бұл ең алдымен, барлық діни ұйымдардың бастапқы мүмкіндіктері мен қажеттілік құқықтарындағы теңдікпен байлынысты» екендігін айта кету керек.

Қазақстанда мемлекет пен дәстүрлі діндер қатынасы ел Конституциясына негізделген зайырлы мемлекет принципіне сай дамуда. Осыған орай дінді мемлекеттен бөлу мәселесі де қозғалды. Алайда мемлекет пен дәстүрлі діндердің орнына ислам конфессияаралық тыныштық пен келісімді сақтауда қоғамның құлықтық-рухани негіздерін күшейтуге өзара септігін тигізді. Біздің елде Қазақстан халқының тарихи мұрагері және заманауи рухани өмірдің бөлінбес бір бөлшегі ретінде православие де дін ретінде мойындалады.

Мемлекет пен дін арақатынасындағы едәуір күрделі мәселе мемлекет пен жаңа діни құрылымдар болып табылады. Бұл мынамен байлынысты «...заманға сай жаңа білім ырғағы күшейді. 80 жылдардың соңында Қазақстанда 13 жаңа діни құрылымдар болса, 2005 жылы олардың саны 450-ге жетті». Қазақстандағы діни жағдайдың күрделенуі жаңа діни құрылымдармен байлынысты. Осыған байлынысты мемлекет пен жаңа діни құрылым қарым-қатынасы туралы мәселе өзекті болып табылады.

Жаңа діни құрылымдардың кең таралуы қоғамның тыныштығын бұзып, мемлекет пен жаңа діни құрылым арасындағы қарым-қатынас мәселелерін туындатты. Қабілетсіздікке қатысты осы қозғалыстардың таралуы мен шығуының маңызды себептерінің бірі «...қазіргі дәстүрлі діндер өзінің өміршеңдігімен және құлықтық-психологиялық көрініс табады. Сонымен қатар, бұл қазіргі таңдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық, яғни, жұмыссыздық, ақшаның құнсыздануы, нашарлық, қылмыстың көбеюі сынды мәселелердің өршуімен байланысты».

Жаңа діни құрылымдардың кейбір ерекшеліктері біздің қоғамның жаңа және дәстүрлі емес қатарларды құрайтындығын көреміз. Жаңа діни

құрылымның өзгешеліктері «...бағдарлау құндылығы мен әлеуметтік бағыттың мәні болып табылады. Діни дәстүрдің өктемдігінен ерекшелігі жаңа діни қозғалыстарда шіркеу институттар жоқ. Олардың жеке ұйым формалары мен қызметтері: орталықтар, миссиялар, колониялар, коммундар, «отбасы». Дін қызметкерлері атқаратын арнайы дәстүрлі құлшылықтары жоқ. Діни құлшылыққа барлық сенушілер қатыса алады. Тәжірибе қызметінің негізгі акценті болып табылатын жаңа сенім ілімін қалыптастыруды талап ету керек. (діни ұйымдардан қор толықтырылып отыратын миссионерлік жұмыс). Бағдарлау құндылықтар мен әлеуметтік бағыт үшін көптеген жаңа діни құрылымдар қоғамдық тәртіптің қолайсыздығын әрі институттар мен ұйымдардың дәстүрлі құндылықтар жүйесін сипаттайды» [15].

Егер қазіргі Қазақстан үшін жаңа діни құрылымдармен мемлекет арақатынасы туралы мәселе жаңа болып табылатын болса, онда батыс Еуропа мемлекеті жаңа діни құрылымдармен қарым-қатынас мәселесін шешу бойынша нақты тәжірибе жинақтаған болар еді. Жаңа діни құрылымдармен өз қатынасын орнатқан Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесі екі негізгі принципке сүйенеді. «Бір жағынан, кез-келген демократиялы мемлекет діни сенімді таңдау еркіндігіне кепіл бола алу керек. Сондай-ақ, қоғам мен өз азаматтарын жағымсыз діни құрылымның қызметтерінен қорғау қажет». Н.Ж. Байтенованың айтуына жүгінсек, аталмыш екі принцип «мемлекет пен дін қарым-қатынасын реттеудегі негізін қалаушы жаңа діни құрылымдармен мемлекет қатынасын қадағалау керек». Алайда, өкінішке орай, аталмыш принциптер біздің қоғамда қызмет етуге жеткіліксіз болғандықтан, оларды пайдалану мемлекет пен жаңа діни құрылым қатынасы бір жақты сипатқа ие: «...Біздің елдегі қызметке қатысты екі принциптің бірі де жарамсыз болып табылады. Ар-ождан және дінді ұстанудағы еркіндік принципін бақылау,

дінге сенудегі таңдау еркіндігі мемлекет тарапынан жүзеге асырылады. Бірыңғай деңгейде бақыланатын талап әмбебаптық принцип болу керек. Осының бәрі жаңа діни құрылымға жатады. Аталмыш принципке сай адам діни сенім еркіндігіне ие болады. Екінші принципке қатысты не мемлекет не заңдық база өз азаматтарын жалған ағымдар мен деструктивті секта қызметтерінен және басқа да діни құрылымдардан қорғайтын жағдайда емес. Соңғы кездері Қазақстандағы жаңа діни құрылым түсінікті болып, жағымсыз деструктивті секта қызметтерінен құрбан болған отбасын қорғау мәселесі өзекті болып отыр».

Діни құрылым қатынасындағы мемлекеттік саясат тұрақтылықты қолдау, конфессияаралық бейбітшілік пен қоғамдағы келісім, өзара түсіністікке жету, төзімділік және конфессиядағы өзара сыйластық пен қарым-қатынас, дінді ұстану еркіндігіне кепілдік беруге негізделген болу керек.

Сондай-ақ, діни құрылым қатынасындағы мемлекеттік саясат ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің бүтіндігін қорғауға бағытталу керек әрі қазақстан заңындағы діни ұйымдарды қадағалау үшін мемлекеттік бақылау орнатылып, тоталитарлы және деструктивті ағымдардан өз азаматтарын қорғау керек. Жапон еліндегі лаңкестіктен кейін барлық мемлекет басынан кешірген діни ұйымдардың қызметін бақылау бойынша мемлекеттік органдардың өкілеттілігін күшейту керек.

Діни ұйымдардың қызметін бақылау мәселесі бойынша мемлекеттің маңызды қызметінің бірі діни экстремизм мен лаңкестікке ескерту шаралары болып табылады.

Конфессия аралық келісім мен тыныштықты, әлеуметтік тұрақтылықты қолдау және конституциялық құрылымды күшейту мақсатында мемлекет конституциялық құрылым негіздері мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы бағытталған елдегі барлық діни ұйымдардың қызметіне ескерту шараларын қолдану қажет.

Әдебиеттер

- 1 Обращение Президента Нурсултана Назарбаева по случаю вступления Республики Казахстан на пост председателя ОБСЕ // Казахстанская правда. – 2010. – 15 января.
- 2 Whaling, F. Introduction: The Contrast between the Classical and Contemporary Periods in the Study of Religion // Contemporary Approaches to the Study of Religion. – Berlin etc: Mouton, 1984. – Vol. 1. – P. 18.
- 3 Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма. Избранные произведения: пер. с нем. / сост., общ. ред. и послесл. Ю. Н. Давыдова; предисл. П.П. Гайдено. – М.: Прогресс, 1990. – 808 с. (Социологич. мысль Запада). – С. 273-274.
- 4 Володина Л.В. Моральность, религиозность, социальность в философии М. Вебера // Религия и нравственность в секулярном мире: Материалы научной конференции. – 28-30 ноября 2001 года. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2001. – С.159-162.

- 5 Вебер М. Хозяйственная этика мировых религий. – М., 1991. – 300 с.
- 6 Фуко М. Пылающий разум // Юнг К.Г., Фуко М. Матрица безумия. – М.: Алгоритм, Эксмо, 2006. – 384 с.
- 7 Байтенова Н.Ж. Проблема взаимоотношений государства и новых религиозных образований в контексте национальной безопасности. // Безопасность: международная, региональная, национальная (системный подход): Материалы международной научно-практической конференции, посвященной памяти доктора политических наук, профессора М.С. Машана. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. – 592 с.
- 8 Мали С. Роль религии в постсекулярном обществе. О философии религии Ю. Хабермаса // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 11, Социология: РЖ/РАН. ИНИОН. Центр социал. науч. – информ. исслед. Отд. социологии и социал. психологии. – 2006. – № 3. – 168 с.
- 9 Кимелев Ю.А. Философия религии: Систематический очерк. – М.: Nota Bene, 1998. – 424 с.
- 10 Кюнг Х. Религия на переломе эпох // Иностранная литература. – М., 1990. – №11
- 11 Beardslee W.A. Christ in the Post modern Age: Reflections Inspired by Jean Fracois Lyotard // Griffin D.R., Beardslee W.A., Holland J. / Varieties of Postmodern theology. – Albany, 1989. – P. 65, 27.
- 12 Белогорцев В.Н. Религия и социокультурные трансформации. – Ростов на Дону: ЮРГУЭС, 2007. – 95 с.
- 13 Козловски П. Культура постмодерна. Общественно-культурные последствия технического развития. – М., 1997. – С. 36.
- 14 Премодерн и философская теология. Изначальная истина и теология постмодерна / Гриффин Д.Р. Смит Х. – Нью-Йорк: Изд-во Нью-Йоркского университета, 1989. – С. 17-60.
- 15 Смит Х. Критика учения о вневременной и внепространственной общей сущности философии и религии. – Нью-Йорк: Изд-во Нью-Йоркского университета, 1989. – С. 61-86.

References

- 1 Obrashhenie Prezidenta Nursultana Nazarbaeva po sluchaju vstuplenija Respubliki Kazahstan na post predsedatelja OBSE // Kazahstanskaja pravda. – 2010. – 15 janvarja.
- 2 Whaling, F. Introduction: The Contrast between the Classical and Contemporary Periods in the Study of Religion // Contemporary Approaches to the Study of Religion. – Berlin etc: Mouton, 1984. – Vol. 1. – P. 18.
- 3 Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма. Избранные произведения: пер. с нем. / сост., обшх. ред. и послел. Ю. Н. Давыдова; предисл. П.П. Гайденко. – М.: Progress, 1990. – 808 с. (Sociologich. mysl' Zapada). – S. 273-274.
- 4 Volodina L.V. Moral'nost', religioznost', social'nost' v filosofii M. Vebera // Religija i нравstvennost' v sekuljarnom mire: Materialy nauchnoj konferencii. – 28-30 nojabrja 2001 goda. – SPb.: Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshhestvo, 2001. – S.159-162.
- 5 Вебер М. Hozjajstvennaja etika mirovyh religij. – М., 1991. – 300 с.
- 6 Фуко М. Пылающий разум // Юнг К.Г., Фуко М. Матрица безумия. – М.: Алгоритм, Эксмо, 2006. – 384 с.
- 7 Байтенова Н.Ж. Проблема взаимоотношений государства и новых религиозных образований в контексте национальной безопасности. // Безопасность: международная, региональная, национальная (системный подход): Материалы международной научно-практической конференции, посвященной памяти доктора политических наук, профессора М.С. Машана. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. – 592 с.
- 8 Мали С. Роль религии в постсекулярном обществе. О философии религии Ю. Хабермаса // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 11, Социология: РЖ/РАН. ИНИОН. Центр социал. науч. – информ. исслед. Отд. социологии и социал. психологии. – 2006. – № 3. – 168 с.
- 9 Кимелев Ю.А. Философия религии: Систематический очерк. – М.: Nota Bene, 1998. – 424 с.
- 10 Кюнг Х. Религия на переломе эпох // Иностранная литература. – М., 1990. – №11
- 11 Beardslee W.A. Christ in the Post modern Age: Reflections Inspired by Jean Fracois Lyotard // Griffin D.R., Beardslee W.A., Holland J. / Varieties of Postmodern theology. – Albany, 1989. – P. 65, 27.
- 12 Белогорцев В.Н. Религия и социокультурные трансформации. – Ростов на Дону: ЮРГУЭС, 2007. – 95 с.
- 13 Козловски П. Культура постмодерна. Общественно-культурные последствия технического развития. – М., 1997. – С. 36.
- 14 Премодерн и философская теология. Изначальная истина и теология постмодерна / Гриффин Д.Р. Смит Х. – Нью-Йорк: Изд-во Нью-Йоркского университета, 1989. – С. 17-60.
- 15 Смит Х. Критика учения о вневременной и внепространственной общей сущности философии и религии. – Нью-Йорк: Изд-во Нью-Йоркского университета, 1989. – С. 61-86.